№102 (9989)
26 желтоқсан
сейсенбі
2023 жыл

Жалағаш жаршысы

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Жәрмеңке: 121,9 тонна өнім сатылды

Сапалы өнім, қолжетімді баға. Өткен сенбіде күзгі молшылық керуені ауданнан облыс орталығына жол тартты. Дәстүрлі түрде өткізіліп жүрген ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесінде жалағаштық ағайынның ала жаздай баптаған өнімдері қаладағы Ә.Қашаубаев пен Жетікөл көшесінің қиылысында, яғни Титов қыстағында шаһар тұрғындарына арзан бағада ұсынылды.

Таң сәріден басталған жәрмеңкеге келген халықтың қатары қалың. Қалтаны қақпайтын, шығынды ақтайтын сауданың қызғаны соншалық өнімдер түске дейін сатылып кетті. Себебі тауар өндірушілер тарапынан баға тұтынушыларға қолайлы, базар бағасынан әлдеқайда арзан болды.

– Жәрмеңкенің боларын естіген соң таңмен таласып базарға картоп, сәбіз, пияз сынды өнімдерді арзан бағада қаптап алуға келдім. Қазір нарықтағы баға күн сайын өсіп жатыр. Сондықтан қалтаға салмақ салмайтын жәрмеңкеде жергілікті өнімдерден көбірек алуға тырысамын. Ауыл еңбеккерлеріне алғысым шексіз, бүгінгі жәрмеңкеде азық-түлік өнімдерінің түрі көп. Бастысы, халықтың қалтасына ауырлық түсірмей, нарықтағы бағадан 15-20 пайыз төмен сатуда. Жәрмеңкенің арқасында халық қыстың қамын молынан жасап алуда. Нарық заманында базар бағасынан арзан болатын бұндай жәрмеңкелердің халыққа берер пайдасы мол, – дейді қала тұрғыны Гүлнар Сағындықова.

Айта кетейік, қала тұрғындарына жалағаштан 50 автокөлікпен 121,9 тонна өнім ұсынылды. Берекелі күз мезгілінің несібесі тасыған бұл күнде ауылдардан келген қауын-қарбыз бен бау-бақша өнімдері жоғары сұранысқа ие болды.

Иә, қауын-қарбыз десек, қала тұрғындары ойланбастан жаңадариялық ағайынның алқабындағы өнімді тұтынатыны рас. Себебі жыл сайын бақша өнімдерін баптаумен айналысатын жаңадариялықтардың сөресі жәрмеңкелерде бірінші таусылып қалады, бұл жолы да солай болды.

Кешегі жәрмеңкеде мұнан бөлек М.Шәменов, Бұқарбай батыр, Мәдениет, Қаракеткен ауылдық округтерінен келген мал азығы да халыққа арзан бағада ұсынылды. Т.Жүргенов ауылынан отандық брендке айналған картоп пен «Құрманбай ата» алмасы халықтың көңілінен шықты. Сонымен қатар Ақсу, Еңбек, Аққұм, Есет батыр және Жаңаталап ауылдарынан қолжетімді бағада Сыр салысы жеткізілсе, Аққыр мен Мырзабай ахун ауылдарынан келген ет өнімдері арзан бағада сатылды.

Қала тұрғындары үшін жәрмеңке берекелі өтті десек те болады. Оның қызығы саудасында емес, берекесі мен молшылығында, жұртшылық күнделікті тұтынатын азық-түлік түрлерін базар бағасынан әлдеқайда төмен бағада таласып сатып алды. Осылайша ел несібесін молынан берген жәрмеңке бірнеше сағатқа созылып, қыс азығын қамдау үшін жәрмеңкені асыға күткен қала тұрғындарын риза етті.

Сезім НҰР

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»
Ахмет Байтұрсынов

ХАЛЫҚ газеті
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қадірлі оқырман!

Мерзімді басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу басталды.
Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Бәрекелді!

Осы орайда жаңа жыл қарсаңында мерекені асыға күтетін оқушыларға арналған Президент шыршасын ұйымдастыру дәстүрге айналған. Жексенбіде өткен «Қош келдің, Жаңа жыл» атты Президент шыршасына аудандардан 200 бала шақырылды. Мерекелік іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысының бұлдіршіндерге арналған жаңажылдық құттықтауын жеткізді.

– Бүгін республикамыздың барлық аймағында Президент шыршасы өтуде. Мемлекет басшысы өз сөзінде «Мен өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдай жасауымыз керек. 31 жыл бұрын бастау алған ҚР Президентінің шыршасына осы уақытқа дейін біздің өңірден 4 мыңға жуық бала қатысты. Еліміздің басты шырша тойын мерекелеу үшін сіздер де облысымыздың әр ауылынан келдіңіздер. Бұл салтанатты шара – Президентіміздің өздеріндей өскелең ұрпаққа көрсеткен құрметі, – деді аймақ басшысы.

Шыршаға келген аймағымыздың оқушылары өнерге бай, жан-жақты екен. Оқушылар әртүрлі қызықты ойын ойнап, ән шырқады, театрландырылған қойылым тамашалады және естелік сыйлық алды. Сондай-ақ қонақтарға арнайы фотосессия ұйымдастырылды.

Айта кетейік, ауданнан Президент шыршасына 9-13 жас аралығындағы 9 оқушы барып, мерекелік концертті көріп қайтты. Әрине мерекелік шыршаға бару оңай емес. Жыл бойы үздік оқыған, тәрбиесі оңды, сондай-ақ көпбалалы отбасында тәрбиеленетін, қорғаншылық және қамқоршылықтағы балалар жолдама алған.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Мәселе

Интернет құнын өсіру кімдерге тиімді?

Жаз айларында Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин интернет құны арзан 20 елдің қатарына кіретінімізді айтқан. Осы мәлімдемеден кейін ұялы байланыс операторлары тариф бағасын көтеріп жіберді. Сол уақытта «Ookla» деректеріне сәйкес, Қазақстанда 4G қолжетімділігі 84,5 пайызды құрағаң, ал 5G енді енгізілуде.

Десе де Қазақстанда интернет сапасына қатысты тұтынушылар тарапынан әлі де шағым азаяр емес. Мемлекет басшысы да жауапты министрге мәселенің шешіміне қатысты сұрақ қойған. Ал Бағдат Мусин интернет жылдамдығының тым төмендігін тариф құнының арзандығымен байланыстырды.

– Арзан байланыс операторлар үшін тиімді емес екенін түсіну маңызды. Бұл – бизнес, сондықтан бизнесті дамыту, яғни желіні құру және сапаны жақсарту үшін инвестиция қажет. Кіріспен бірге инвестициялар келеді. Егер табыс төмен болса, даму үшін инвестиция құйылмайды, тиісінше сапа да болмайды. Әлеуметтік желілердің дамуына байланысты елде трафикті тұтыну бірнеше есе өсті. Бұл нені білдіреді? Бұл операторлар желісіндегі жүктеме де артты деген сөз. Бірақ шығындар тұтынылатын трафиктің көлеміне сәйкес тепе-тең түрде өскен жоқ. Қазақстан мобильді трафикті тұтыну бойынша жетекші елдердің бірі және мобильді желіні қолдану жағынан да алдыңғы қатарда, – дейді министр.

Бағаның өсуін ұялы байланыс операторлары тұтынушыларға сапалы қызмет көрсетумен байланыстырды. Алайда бағаның бірден өскеніндей интернет жылдамдығы да жақсарған жоқ.

«Ookla» компаниясы әлемнің әртүрлі елдеріндегі интернет жылдамдығын зерттеп, рейтингін шығарды. Мобильді интернет жылдамдығы бойынша Қазақстан орташа есеппен 35,49 Мбит/с көрсеткішпен 67 орынға тұрақтады. Ал тіркелген интернет жылдамдығы бойынша еліміз 51,41 Мбит/с көрсеткішпен 94 орында.

324,92 Мбит/с жылдамдықпен БАӘ мобильді интернет жылдамдығы бойынша көш бастап тұр. Одан кейінгі орындарға Қытай (161,56 Мбит/с), Норвегия (153,18 Мбит/с), Дания (147,03 Мбит/с), Оңтүстік Корея (136,40 Мбит/с) және Нидерланды (122,94 Мбит/с) жайғасқан. Тіркелген интернет жылдамдығы бойынша жетекші елдердің ондығына Сингапур (263,51 Мбит/с), Гонконг (259,02 Мбит/с), Чили (249,82 Мбит/с), Қытай (248,92 Мбит/с), Монако (247,37 Мбит/с), БАӘ (239,40 Мбит/с), Исландия (226,05 Мбит/с), АҚШ (219,71 Мбит/с), Таиланд (216,26 Мбит/с), Дания (209,52 Мбит/с) кірді.

Қазақстанда 6 406 елді мекен бар, оның 6 290-ы – ауыл. Өкініштісі, еліміздің 1 432 ауылында мобильді интернет жоқ. Қазіргі таңда 116 қала мен 4 858 ауыл 3G (2 813 ауыл) және 4G (2 045 ауыл) мобильді технологияларымен интернетке қол жеткізіп отыр. Сондай-ақ ADSL технологиясы бойынша интернетпен 1 950 ауыл және талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясымен 2606 ауыл қамтылған.

Елде 1432 ауылдың мобильді интернетсіз қалғанын министрлік те жоққа шығармады. Оның 504-ін биылдан бастап спутниктік жүйелер арқылы қамтамасыз ету қарастырылып жатыр.

Министрлік Үкіметтің «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасын бекіткенін, оның аясында 2024-2027 жылдары талшықты-оптикалық байланыс желілері арқылы 3 мыңнан астам ауылды, оның ішінде мобильді интернеті жоқ 928 ауылды интернетпен қамту жоспарланғанын айтты. Жалпы ұлттық жобаны іске асыру үшін 1 499,9 млрд теңге қарастырылған.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

Сессия

Атқарылған жұмыстар ауқымды

Кеше аудандық мәслихаттың кезекті XII сессиясы өтті. Оған аудан әкімі Ардақ Ибраимов, облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағанбетов, бірқатар бөлім басшылары мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын Жұлдыз» бен «Отан» орденінің иесі Имамзада Шағыртаев және қоғамдық кеңес төрағасы Оразбек Ахметов пен БАҚ өкілдері қатысты.

Сессияның күн тәртібінде 6 мәселе қаралды. Алдымен аудан әкімі Ардақ Ибраимов мәслихат депутаттарына биыл ауданда атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндады.

– 2023 жыл – тәуелсіз мемлекетіміз бен Сыр елі үшін, оның ішінде біздің ауданымыз үшін берекелі, ырысы мол, саяси оқиғаларға толы жыл болды. Елдік қасиеті сынға түскен сындарлы шақ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарының сайлауы кезінде Жалағаш халқы да үлкен ауызбіршілік танытып, саяси додаға өз үлесін қосты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Сыр еліне жасаған жұмыс сапары да үлкен тарихи оқиғалардың бірі болып, аймақта атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. 2023 жыл еліміздегі экономикалық даму мен қалыптасқан саяси тұрақтылықтың арқасында аудан халқы үшін де ірі серпінді жобалардың жүзеге асуымен табысты жыл болды.

Аймақ басшысының қолдауымен және бірлескен жұмыстардың нәтижесінде ауданда ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Тіректі салаларда серпінді қадамдар жасалды. Ауыз сумен қамтамасыз ету, ішкі жолдарды жөндеу, елді мекендерге газ желісін тарту, әлеуметтік нысандардың жылу жүйелерін табиғи газға ауыстыру жұмыстары да кезең-кезеңімен атқарылуда. Жалпы ауданда барлық көрсеткіш бойынша өсу динамикасы қалыптасты.

Ауылдарды дамыту жұмыстары да назардан тыс қалған жоқ. Ауылдардың инфрақұрылымы дамып, көркейту-абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп, ішкі көшелер жөндеуден өткізіліп, жарықтандыру жұмыстары да өз шешімін табуда. Атқарылған жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және аудан экономикасын әртараптандыруға бағытталған.

Биыл ауданда ауыз су желілерін жүргізу мен жабдықтау, көпірлер мен жол жөндеу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік нысандардың құрылыстары, тұрғын үйлерді күрделі жөндеу, әлеуметтік нысандарды газдандыру, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстарын атқаруға, яғни барлығы 40 жобаға бюджеттен 5,6 млрд теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда, – деді ол.

Айта кетейік, биыл облыстық бюджеттен 2 млрд 598,7 млн теңге қаржы бөлініп, жол жөндеу бағытында 11 жоба іске асырылды. Оның 982,9 млн теңгесіне Есет батыр-Жаңадария бағыты мен Жаңаталап-Аққыр бағыттарындағы және Ақсу ауылына кіреберіс аудандық маңыздағы автомобиль жолдарына жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар кент пен 5 ауылдық елді мекеннің 20 көшесіне жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Тұрғындарды газбен қамту – әлі де өзекті мәселелердің бірі. Ауданда бұл бағытта бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Бүгінде кенттегі 2 826 тұрғын үй және 20 әлеуметтік, 123 кәсіпкерлік нысан орталықтандырылған газ желісіне қосылған. Бұл аудан халқының 40,7 пайызын құрайды.

2023 жылы облыстық бюджеттен Ақсу және М.Шәменов елді мекендеріне газ желісін тарту жұмыстарын бастауға 83 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жоба 2024 жылы да жалғасады. Бұйыртса, келер жылдың жылу маусымында қос ауылдың халқы көгілдір отын тұтынады деп жоспарлануда.

Аудан бойынша электр желілерінің жалпы ұзындығы – 457,5 шақырым, электр жүйелерінің орташа тозу деңгейі 45,2 пайызды құрайды.Демеушілердің қолдауымен аудан бойынша 5 елді мекеннің, яғни Ақсу, Қаракеткен, Мақпалкөл, Мырзабай ахун, Есет батыр ауылдарының электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, биыл Ақсу (184,7 млн. теңге), Қаракеткен (85,6 млн. теңге) елді мекендерінің электр желілері қайта жаңғырту жұмыстарына республикалық бюджеттен 270,3 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда Қаракеткен ауылдық округінің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары толық аяқталып, Ақсу ауылдық округінде құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Биыл ауданда демеушілер есебінен жалпы құны 605 млн теңгені құрайтын 19 жоба іске асырылуда. Атап айтқанда, спорт кешені, елді мекендердің ішкі көшелеріне тас төсеу, жарықтандыру, балалар, спорт, ойын алаңдарын салу және аудан тұрғындары үшін қажетті жобаларды жүзеге асыру барысында жоба-сметалық құжаттар әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Атқарылып жатқан жұмыстар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беруде.

Сессияда аудан бойынша атқарылған жарқын жобалар мен алдағы міндеттерге облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағанбетов оң баға беріп, аудан әкімінің жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ аудандық мәслихат депутаты Гүлжайна Айтжанова мен Қайрат Досымов жыл көлемінде ауданда жол жөндеу, елді мекендерді табиғи газбен қамту мақсатындағы атқарылған ауқымды жұмыстар бойынша тұрғындар атынан алғыс білдірді.

Сонымен қатар аудандық мәслихаттың кезекті XII сессиясында 2024-2026 жылдарға арналған аудан бюджеті бекітілді. 2024-2026 жылдарға арналған ауданның және ауылдық округтердің бюджеттері туралы баяндама тыңдалды. 2024-2025 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бекітілді. Сессия соңында аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусіновтың есебі тыңдалып, аудандық мәслихаттың жұмыс жоспары бекітілді.

Биыл ауданда ауқымды жобалар жүзеге асты, бастысы, бүгінде оның халық игілігін көріп отыр. Келер жылдың еншісінде де сүбелі жобалар жоқ емес, қалғанын алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Президент шыршасы:
Балалар қуанышқа бөленді

– Президент шыршасы қызықты өтіп жатыр, қатысқаныма қуаныштымын. 1 күнде көптеген дос таптым. Барлығы да өнерлі екен. Осындай мүмкіндік беріп, білім үйреткен мұғалімдеріме алғыс айтамын.

Шырша, шырша,
Шамдарыңды жарқырат.
Би билейміз, айнала,
Балаларды таңырқат.
Тілеймін мен бар әлемге,
Дос көп болсын, Жаңа жыл.
Ата-әже, әке-шеше,
Құтты болсын, Жаңа жыл, – деп аудандағы Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің 6 сынып оқушысы Ербатыр Мергенбайұлы мерекелік өлеңімен көңіл-күйін жеткізді.

Облыста 280 мыңға жуық бала бар. Олар 680 балабақша және 325 мектепте білім мен тәрбие алады. Оқушылардың мектепке қатынауына жақын, ыңғайлы болу үшін биыл қаладағы 4 мектеп жанынан қосымша ғимараттар салынды, 2 жаңа мектеп іске қосылды. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 21 мектеп салынады.

Дарынды балалардың талабын шыңдауға баса мән беріліп келеді. Биыл Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданында мамандандырылған мектеп-лицей, интернаттар жұмысын бастады. Сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайының іргетасы қаланды. Алдағы жылы Жаңақорған және Шиелі аудандарында 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебінің құрылысы басталады.

Соңғы екі жылда үздік нәтиже көрсеткен оқушыларды олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындау мақсатында «Сыр дарыны» оқу-жаттығу жиыны ұйымдастырылуда. Лагерьде облыстың 1000-ға жуық дарынды оқушысы кәсіби мамандардың көмегімен білімін жетілдірді.

Биыл 102 сырбойылық өрен халықаралық, республикалық дәрежедегі ғылыми жобалар мен олимпиадалардың жеңімпазы атанды. Облыстың пәндік олимпиадалық командасы жаратылыстану-математика бағыты бойынша командалық есепте республикада II орынды, қоғамдық-гуманитарлық бағытта III орынды иеленді.

Балаларды әлеуметтік қолдау және қауіпсіз орта қалыптастыру да басты назарда. Аймақта бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен толық қамтылған. Көмекке мұқтаж отбасыларға қаржылай қолдау көрсету мақсатында 37087 балаға 41 мың теңгеден, барлығы 1,3 млрд теңгеге бір реттік қаражат берілді. Балаларды қауіпсіз, жайлы көлікпен тасымалдау үшін жаңа үлгідегі 30 автобус алынды.

Жандос ЖАЗКЕН

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Спорт

Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ кепілі. Ауданда спортқа құмар жасөспірімдер жетерлік. Солардың басын біріктіріп, 23 желтоқсан күні қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінде аудан әкімінің кубогына арналған шағын футболдан мектеп оқушылары арасында лиганың ашылу салтанаты өтті. Бұндай спорттық ойындар оқушылардың денсаулығына пайдасынан бөлек, табандылыққа үйретіп, ерік-жігерді шыңдай түсері анық.

Мектеп лигасы:
Оқушылар оза шапты

– Дәстүрге айналған бұл жобаның басты мақсаты – оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, ұялы телефон мен гаджеттерден оқушыларды алшақтатып, оларды салауатты өмір салтына баулу. Бұдан бөлек те жобалар жалғасын тауып, алдағы уақытта да түрлі спорттық іс-шаралар ұйымдастырамыз. Себебі дені сау ұрпақ қалыптастыруда жастарымызды, жасөспірімдерді спортқа жаппай тартудың маңызы зор. Өздеріңізге белгілі ауданда бұқаралық спорттың, кәсіби спорттың дамуына аудан әкімі Ардақ Әбдіғаппарұлы әрдайым қолдау көрсетіп келеді. Бүгінгі жарыс та тікелей аудан басшысының бастамасымен өтіп жатыр. Қазір басталып жатқан мектеп лигасына жалпы 10 мектептен 10 команда шықты. Жарыс екі айға жалғасып, жеңімпаздарды аудан әкімінің дипломымен марапаттап, арнайы сыйлықтар табыстаймыз. Сонымен қатар үздік ойыншыларға «Үздік шабуылшы», «Үздік қорғаушы», «Үздік қақпашы» номинациялары да тапсырылады, – дейді аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысының орынбасары Еркебұлан Жамалатов.

Аудандық білім бөлімі мен «Наркескен» спорт клубы ұйымдастырған жарыстың ашылу салтанаты біткен бойда жеребе тасталып, 10 команда да бір кездесуде бақ сынайтын болды. Бірінен бірі өткен мықты командалардың ойынын бақылап, іштей жанкүйер болдық. Бірінші болып жарысты бастау Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі мен Таң ауылынан келген №118 орта мектеп оқушыларына бұйырды. Мектеп лигасы осылайша тартысты ойынмен басталды. Алайда мықты дайындықпен келген №201 мектеп-лицейінің командасы қарсыласына дес бермей 12:0, яғни ірі есеппен жеңіске жетті. Олар алғашқы ойында-ақ командадағы бірлікті көрсетіп, сұр мергендер де суырылып шықты.

– Біз осы ойынға негізі жеңіс деп келдік және сол жеңіспен қайттық. Басында жеребе түскенде расында оңай қарсылас деп ойлағанбыз. Себебі біз күзден бері дайындықта болдық. Негізі қарсыласымызда командалық бірлік болмады және дайындық аз болды деп ойлаймын. Сондықтан бізге есе жіберіп, ірі есеппен жеңіліс тапқан болар. Біз командалар арасында мықты қарсылас ретінде №123 мектеп-лицейі мен №202 орта мектеп командасын айта аламыз. Бірақ оларды жеңу үшін тағы да мықты дайындықпен келіп, жеңіске жетуіміз керек. Себебі күзде болған спартакиадада тәжірибе жетіспей 3 орын алып қалғанбыз, – дейді алғашқы кездесудегі хет-трик авторы Бақдәулет Жадырасын.

Бұдан бөлек тартысты бәсекеде қарсыласына есе жібермей №202 орта мектеп 4:0 есебімен, №246 орта мектебі 4:3 есебімен, №31 мектеп-гимназиясы 5:3 есебімен, №123 мектеп-лицейі 5:0 есебімен топ жарып, жеңіске жетті.

Жалпы 100-ден аса оқушы қатысып жатқан спорт додасы әділ өтуі үшін «Наркескен» спорт клубының жаттықтырушыларын төреші етіп сайлады. Бас төреші Ақмейір Ашухан бастаған жаттықтырушылар сайысты бастан-аяқ өз ережелеріне сәйкес өткізді. Басты мақсат спортшылардың ауыр жарақат алмай, достық қарым-қатынаста ойнауын бақылау болды.

Шағын футболдан әлем бойынша 6 орынға іліккен ұлттық құрама спортшылары секілді, байрағымызды көкке желбіретіп, жеңіске жетелейтін ойыншылар осы оқушылардың арасынан да шықсын деп тіледік.

Айта кетейік, мектеп лигасының бас демеушісі – Мақсат Абдрахим. Оның қолдауымен бас жүлде 50 мың теңге, II орын 30 мың теңге, III орын 20 мың теңге қаржылай сыйақы тағайындалған. Сонымен қатар жеке номинация иелері де арнайы дипломмен марапатталып, бағалы сыйлықтар иеленетін болады.

Аудан жастары арасында спортпен тұрақты шұғылданып, бос уақытын тиімді пайдалану, өзара татулық пен достықты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат еткен мектеп лигасының нәтижесін 9 аптадан кейін білеміз.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Интернет құнын өсіру кімдерге тиімді?

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Ұялы байланыс операторларының тарифтік жоспарларындағы интернет-трафиктің болмауы мәселесіне Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин түсініктеме берді. Ол қазақстандықтарға әлеуметтік желіде аз уақыт өткізуге кеңес береді. Себебі кейбір ұялы байланыс операторлары бұдан былай әлеуметтік желілерге шексіз интернетке қол жеткізуді қамтамасыз етпейді. Осыған байланысты пайдаланушылар 15-20 гигабайт трафикті тез таусылып, тарифтік пакетін қайта қосуға мәжбүр болып отыр.

– Операторлардың тарифтік саясаты бар, бірақ олар халықаралық трафикті кез келген пайдалану үшін клиенттердің ақшасынан төлейді. Осы қауіпсіздік трафигіне қызмет көрсететін жабдықты қоса алғанда және т.б. Неліктен олар бұлай жасады, мен айта алмаймын. Мұны операторларға айту керек, – деді Бағдат Мусин.

Қазақстандықтар Илон Масктың «SpaceX» компаниясының Starlink терминалдарын орнатуды бастады. Цифрлық даму министрлігі мұның заңсыз екенін және айыппұл салуға болатынын атап өтті.

Елдегі шалғай ауылдардың көбінде интернет байланысы нашар екенін жақсы біледі. «Бұл мәселені отандық операторлар шешеді» деу қиын. Соңында мемлекет Илон Масктің SpaceX компаниясына жүгініп, Starlink интернетіне үміт артты.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі SpaceX компаниясының көмегімен шалғайдағы 10 ауылдық мектепті ғаламторға қоспақшы. Starlink желісі қанатқақты режімде Көктал, Күйген, Қараой, Жіңішке, Ереуіл, Кенсу, Сарыкөл, Талды, Қарағайлы, Майшұқыр ауылдарының мектептерінде жұмыс істейді.

Министрліктің Starlink-ті таңдауының 3 себебі бар, біріншіден, шалғай аймақтарға қолжетімді, жоғары жылдамдық және цифрлық инфрақұрылымды дамытуға жол ашылады. Министр Бағдат Мусин «Digital Bridge – 2023» форумында отандық телеком-компаниялардың шалғайдағы мектептерді интернетпен қамтамасыз ете алмағанын айтқан, ведомство сол себепті Илон Масктің компаниясына жүгінген.

– SpaceX вице-президенті Лорен Дрейер екеуміз Президентке спутниктік антенналар арқылы секундына 4 мегабит интернет алатын шалғай аудандардағы 2000 мектепті Starlink-пен 6 ай ішінде қамтамасыз ететінімізді хабарладық. Осылайша мектептердегі интернет мәселесін біржола шешеміз. Кейде ел ішіндегі мәселелерді өзіміз шешкіміз келгенмен қолдан келмей жататыны бар. Бұлай болғанына кешірім сұраймын. Бірақ SpaceX сияқты дамыған технологиялар бар кезде оларды қолданбау да қателік болар, – деді Б.Мусин.

Жақында ғана Павлодар облысындағы 20-ға жуық мектепті Starlink-ке қосу да жоспарланып отырғаны айтылған. Бұлар – интернетке кіру мен желі қосудың техникалық мүмкіндігі жоқ ауылдық мектептер. Қосылу құны бір абонент үшін айына 200 долларды немесе 94 мың теңгені құрайды.

Жалпы бұған қатысты тарифті көтеруде елдің талабы ескерілмейді, оны мойындау керек, бірақ интернет жылдамдығына қатысты мәселені тариф құнының арзандығымен байланыстырды ма, енді жауаптылар нәтиже шығару керек. Тамызда министр интернет құнын көтеруге қатысты ұсыныс айтып еді, іле-шала байланыс операторлары тариф құнын қымбаттатты. «Неге осылай интернет жылдамдығы да аз уақытта нәтиже бермейді?» деген сауалдың әлі күнге дейін жауабын ешкім бере алмай отыр. Демек интернет жылдамдығына қатысты мәселені оның құнын көтерумен ғана шеше алмаймыз. Өкініштісі, баяғы тариф құны да қайтып орнына келмейді. Міне, осылайша тиімсіз әрі толық зерттелмеген жобаның тұтынушылар жемісін емес, зардабын көруге мәжбүр болып отыр.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Ел үшін жаралған ер

Бағыма орай, өмірімде екі рет Баукеңмен кездесіп сөйлесу бақытына ие болдым. Бұл кездесу жөнінде бұдан бұрын өз повесімде тарқатып, «Менің өмірімдегі Бауыржан Момышұлы» кітабында айтқан болатынмын. Менің Баукеңмен кездесуім қалыптан тыс, сирек кездесетін тұлғаға одан сайын терең үңілуге жетеледі.

Қаһарманмен кездесу

Алғашқы кездесуім 1975 жылдың қаңтар айында болды. Орта Азия Әскери округі мен Қазақстан Жазушылар одағы Ұлы Отан соғысының 30 жылдығына арналған конференция өткізді. Конференцияға майдангерлер де шақырылған. Ардагерлердің ішіндегі бірегей тұлға – Бауыржан Момышұлы. Батырды алғаш көруім. Менің офицер мамандығын таңдауымда батыр болмысы аса маңызды рөл атқарып еді. Конференция жұмысына өзім қызмет атқарып жүрген әскери училищенің офицерлері мен курсанттары да қатысты. Осы жылдары әскери училищенің Тактика кафедрасының бастығы қызметінде едім. Училищеден конференция делегациясына жетекшілік жасау маған тапсырылған болатын.

Сағат 10.00-де конференцияны Бауыржан Момышұлының майдангер досы, жазушы Дмитрий Федорович Снегин ашты. Мінбеге баяндама жасауға Орта Азия Әскери округі саяси бөлімі басқармасының бастығы, генерал-майор М.Д.Попков шықты. Көп уақыт өтпей залға жартылай әскери киімді, оң қолында таяғы бар адам кірді. Кірген бойдан алдыңғы қатарға жайғасуға ыңғайлана бергені сол еді, төралқада отырған Д.Ф.Снегин бас изеп, қолымен ымдап, төралқалық орынға жайғасуын сұрады. Осы кезде зал іші күбірлеген дауыс пен қозғалысқа толып кетті. Бір кезде төралқадағы Д.Ф.Снегиннің жанына жайғасқан адам орнынан жайлап тұрып, оң қолын алдыңғы жаққа созып, әмірлі дауыспен «Тоқта, генерал! Сіз жақсы оқып тұрсыз! Баяндамаңыз маңызды, бірақ сізді тыңдамай отыр», деп қолын түсіріп, сәл іркілді. Генерал сасқанынан көзілдірігін алып, не болғанын білмей сөзін тоқтатты. Осыған дейін генералдың сөзін бұлайша ешкім бөлмегені байқалды. Генерал бір сөз айтпай, залға қарады.

Осы кезде: – Мен – Бауыржан Момышұлы, – деді қатты дауыспен, әрі қарай жайлап: – Мені көбі білмейді, сондықтан «шал кешікті, онысымен тұрмай төралқадан орын алды» деп, өзді-өзі сыбырласып жатыр. Мені шақырды, – дей келе, Д.Ф.Снегиннің иығын ұстап сөзін доғарды.

Зал көп уақыт бойы қол шапалақтауын тоқтатпады. Осы кезде генерал мінбедегі орнынан түсіп, Баукеңе таяп келіп, батырды құшағына алды. Біз бәріміз орнымыздан тұрдық. Қол шапалақтау одан сайын ұзаққа созылып, зал кезек-кезек көтермелеу лебіздеріне толды. Біреулері орысша, енді біреулері қазақша айқайлап жатты. Зал гүілдеп кетті. Тыңдаушылар орындарынан тұрып «Ба-уыр-жан!», «Бау-ке!» деп дауыспен лебіз білдірді. Менің жүрегім аса бір ерекше екпінмен лүпіл қақты. Себебі алғаш рет тағдырма әсер еткен, өзіме үлгі етер адамымды бірінші рет көріп, дауысын естідім.

Генерал мінбеге қарай жүргенімең, зал іші әлі алақан соғуын тоқтатпады. Баукең ел ықыласын бағалап орнынан тұрып, тағы да оң қолын алға созды. Зал бірден тынды. Ерекше сезіммен, қаттырақ дауыспен:«Рахмет! Спасибо! Енді отыруларыңызды сұраймын, ал генерал, сіз баяндамаңызды жалғастырыңыз». Әрі қарай мен баяндаманы үзіп-үзіп тыңдадым. Баяндама мазмұны бүгінгі кезеңмен және Мәскеу қорғанысындағы панфиловшы-батырлардың ерліктерімен сабақтастыққа ұласты.

Баяндама аяқталған соң, үзіліс жарияланды. Сол кезде қасымызға Баукең келіп: «Әй, халдерің қалай, қырандар?» деді. Менің кителімдегі Фрунзе атындағы академияның белгісіне қарап: «Жарайсың!» деді. Аузымнан: «Сіз маған академияға түсуіме көмектестіңіз», деген сөздің қалай шығып кеткенін өзім де аңдамай қалдым. Ол кісі маған таңырқағандай қарады да, бұрылып жүре берді.

Үзілістен соң Д.Ф.Снегин сөзді Бауыржан Момышұлына берді. Зал іші қайта орнынан дүр көтеріліп, қошемет жасады. Баукең асықпастан мінбенің қасына келіп, оң қолымен мінбенің бұрышын ұстады, сол қолымен тынышталыңыздар деп белгі берді. Біз орнымызға отырдық.

Баукең мінбе жанында тұрып байсалды үнімен әр сөзді анықтап, сөзін бастады. «Қазақ және орыс тілдерінде сөйлеймін, жазамын. Бүгін орыс тілінде сөйлейміз». Біраз тоқталып, сөз тиегін ағытты: – Ұлы философ айтқандай, қозғалыс – өмір. Мен жетінші онжылдыққа аяқ бастым, сонда да жаяу жүргенді қалаймын. Бүгін маған таудағы дем алып жатқан жеріме машина жіберіпті, бірақ мен оған отырмадым. Сіздерге кездесуге келу үшін жеті шақырымға жуық жол жүрдім, бірақ кішкене есебім шықпай қалып, азырақ уақытқа кешіктім. Кешіріңіздер. Бірақ мен өзімді сонда да жеңіл сезініп тұрмын. Жасарғандаймын». Жұрт тағы да сөзін бөліп, қол шапалақтады.

Азырақ үзілістен соң Баукең: «Генерал мазмұнды баяндама жасады, оны қайта зерделеп, оған асықпай ой арту керек. Мен сіздердің көңілдеріңізді әскери мәселенің екі түріне аударғым келеді». Тағы сәл үзіліс жасап, сөзін әрі қарай жалғады: «Сонымен, бірінші. Қозғалыс – шынымен де тіршіліктің негізі. Ал әскери істе «қозғалыс» ұғымы мынадай категорияларды құрайды, ол әскердің маневрлілігі мен ұтқырлығы. Егер соғыс алқабында кімде-кім қимылдап, жағдайды ескере отырып, жылжыса ғана қажетті маневрлікке қол жеткізеді. Әрине, мақсатқа жету оңай емес, себебі басқадай түрлі шарттар мен факторлардың әсері болуы да мүмкін. Әскердің іскер маневрлігі ол шайқастың, ұрыс пен түрлі операциялардың жеңісіне бастайтын бірденбір алғышарты».

Баукең залды түгендей, көзімен асықпай бір шолып алып: «Соғыстың бастапқы жылдарында біздің әскерлер айтарлықтай шығындарға ұшырады, – деп оң қолының сұқ саусағын көтеріп, төралқада отырғандарға қарап алып, одан соң бізге қарап: «Ол алдымен біздің қолбасшылығымыздың, жалпы әскердің маневрлілігі мен қозғалысына салғырт қарағандығынан. Техниканың болмағандығы, біздің қозғалу ырқымызды тежеді. Сондықтан жау кейде бізді қуып жетіп, енді бірде алға озып, біздің бөлімшелер мен құрамаларымызды қоршауға да алып отырды». Тіркесті айтып боларда Баукеңнің даусы ақырын шықты. Сол қырық бірінші жылдың қара күзіндегі күндер мен түндердегі өз батальонының басынан кешкен қиынқыстау кездерді, меніңше, бір сәт санасында жаңғыртып, еске алғандай болды.

Қайта күш алып сөйлеуіне секундтар ғана қажет болғандай. Дегенмен де лезде байсалдылығы көрініс тапты. Әрі жалғастырды: «Әрине, сіздердің барлықтарыңызға белгілі үкіметіміз бен жоғарғы қолбасшылықтың, халқымыздың ерен еңбегінің арқасында біз 1942 жылдың аяғы мен 1943 жылдың бас жағында мықты техникаларға қол жеткіздік. Олар: танкілер, сауытты машиналар, өздігінен жүретін техникалар мен автомобильдер. Осы техникалардың келуімен атыс күштері өсті. Әрине, роталардан бастап майданның әскери құрамаларының барлық шегінде маневрлік мүмкіндіктер туды. Механикаландырылған техникалар мен танк бригадаларының қозғалысы дивизияның жалпы қозғалысына, одан соң армия корпусының жылжуы, жауды оң не сол қапталдан қоршап не басып озып, тұтастай алғанда шабуылдың ілгерілей басуы белең ала бастады. Осының бәрін тәптіштеп айтуға уақыт тығыз. Ол – жеке лекция. Ал қазір, міне, жүргіш техникасыз, бір сөзбен айтқанда күшті қарусыз бірде-бір әскери бөлім, әскери құрама, тіпті бөлімше жоқ екен. Бұл жақсы, мықты!» Баукең тағы бір сәл тыныс алып, қайта сөзін жалғады. Сұқ саусағын қайта көтеріп:

«Бірақ техника жүру үшін материалды жақсы білу керек, оны әйелді күткендей күту керек (залда қызу қозғалыс байқалды). Техниканың пайдасын одан сайын арттыру үшін ұрыстың қабілеті мен маневрлілігін білікті түрде қолдана білу керек. Бір сөзбен айтқанда, ұрыс техникасының шайқастағы тиімділігін максималды түрде қолданып, оны әрбір жауынгер, оның ішінде, әсіресе, командир жатпай-тұрмай, күн демей, түн демей шеберлікпен игеріп жүргізе білуі керек. Курсанттар, сіздерге айтам – білімді әскери жоғары оқу орнында, ал дағдыны қызметте аласыңдар, одан әрі техникаға деген қызығушылықты арттыру үшін әр жауынгерді, командирді тәрбиелеу керек. Бұның барлығын орындауға болады. Мен сіздерге қарап отырып ойланып, өзімнің жастығымды есіме алдым», деді Баукең сәл жымиып. – Сіздерге қызыға қарап отырып айтатыным, мен сіздердің жастарыңызда мынадай көлемді болған жоқпын. Расында, қазіргі ұрыс машиналарының жүк көтергіштілігі мықты. Бәрі осындай деп тағы да күпірлік келтірмеу керек. Жан-жақты дайындықта жауынгерге ұрыс машинасының люгін ашып, кіріп-шығу оңай емес. Ал ұрыста осыны секундтың бір бөлшегінде игеру керек. Жас достар, осыны ойлау керек...» деп өткір көздерін біздің жақта отырған қызметтестеріме бағыттады. Мен жан-жағыма көз салып едім, залда отырғандардың көпшілігі ыңғайсызданып, қозалақтап қалғандай болды. Баукең жеңіл жымиып, сөзін әрі қарай жалғады: «Сіздерге, жас достарым, бір жақсы кеңес бергім келеді, артық салмақтан құтылудың жақсы дәрісі – қозғалыс! Жүр, жүгір, сонда бәрі ойдағыдай болады! Маған, кәрі солдатқа сеніңіздер», деп ойын аяқтады.

Бізге Баукең сөзін тиянақты тыңдау, шын мәнінде, ойды мазмұнды етудің нағыз әдістемелік шеберлік сабағы болды. «Қозғалыс» сөзінің мәнін күнделікті тіршіліктегі қарапайым мағынасынан бастап, ұрыс жағдайындағы семантикасын төгілтіп, таразылап, нақтылап, аз сөзбен алдымызға жайып салуы – батыр ойының тереңдігі әрі таным бірлігінде биік екенін танытты.

Осыдан кейін Баукең басын терезеге бұрып, шамалы уақыт үнсіз қалды. Жүзі өзгеріп, қатуланды. Тағы бір жаңа ойды бастағысы келгендей. Осы кезде Баукең мінбеге келіп, микрофонға еңкейе сөзін жалғады: «Әрбір жасы келген қазақ жолда немен келе жатса да оның алдынан бір мола кездессе, міндетті түрде тоқтап көңіл аударады. Егер Құранды білсе, құран бағыштайды, оқиды. Ал егер үлкен зиратқа кезіксе, онда жолаушы жақын келіп, жерден бір уыс топырақ алып, «Жатқан жерің жайлы болсын дейді. Бұл – дәстүр!» деп айтып, ойлансың, сөздің байыбына барсын дегендей сәл үзіліс жасады.

Одан соң: «Майдан жолының көптеген шақырымын жүріп өттім. Құлап өлген жауынгерлерді көрдім. Жау шегініп кетерде жаралылар мен қарттарды, әйелдер мен балаларды айуандықпен өлтіріп кеткендерін көрдім. Бұл айуандық көрініс». Мұндайды көргенде өзін шаққа ұстаған болар, қатал көздерге еріксіз жас та келді. – Мен бұл көріністер жөнінде көп ойландым да, өйткені командирлер мен жауынгерлеріміздің жүрегіне өшпенділік әкелді. Бірақ бақытыма қарай олар өшпенділіктің айуандығына барған жоқ. Біздің солдаттар фашизм тырнағынан дүние жүзінің халқын аман алып қалу үшін өздерін құрбан етті. Аға ұрпақтың ұлы ісіне бас иіп ұрпақтары жүздеген, мыңдаған ескерткіш пен белгілерді орнатты, егер сөзім дәл келсе, бауырластар зиратын жасады.

Бауырластар зираты! Ол жерде түрлі халықтар мен ұлт өкілдерінің түрлі діни сенімдегі соғыста шейіт кеткендері жатыр. Жер бетіндегі бейбіт-шілік үшін фашизмге қарсы аяусыз алысып, өмірлерін қиды. Біз мұражайларға барғанда мұрағаттарды көріп, әңгімелер тыңдаймыз, ал бауырластар зиратының басында олардың рухтарына өз еркімізбен тәу етуіміз керек!

Ел арасында немесе басқа елдерге жолаушылап сапарға да көп шығамын. Қай жерде болмайын, сол жердегі бауырластар зиратына баруға тырысамын. Бір жақсысы, зираттың күтілгенін көремін. Басында әрдайым гүлшоқтары тұрады. Өйткені ол жерде адамдар жерленген. Кейбірінде мәңгі алау алаулайды. Бұл дұрыс! Зиратқа жасалған күтімге қарап сол ортаның, халықтың тәлім-тәрбиесі мен мәдениетінің деңгейін байқайсың.

Менің ойымша, соғыс жеңісінің салтанатын тек мәдениет үйлері мен сарайларда ғана өткізбей, сол жеңіске жеткізген жандардың жатқан зиратының басында да өткізу қажет. Бұдан біз төмендеп қалмаймыз, қайта жанымыз тазарады. Азаматтығымыз кеңейеді!» деп Баукең екінші ойын аяқтады.

– Соғыстан қайтпаған солдатты еске алу, оған тәу етіп, құрмет көрсету, оны дәстүрге айналдыруды әрі қарай жалғастырып, іске асыру – жастардың мойнында. Ол – әрбір адаммын дегеннің қасиетті борышы, – деп Баукең сөзін аяқтады.

Баукеңмен екінші кездесуім 1978 жылдың мамыр айында болды. Алматылық ардагерлердің демалып, өзара қауқылдасып, бас қосатын сүйікті орындары бар. Бұл – Абай атындағы Опера және балет театрының жанындағы сквер. Мұхтар Әуезов мүсінінің жанындағы орындықта екі адамның сөйлескен дауыстары арасынан Баукеңнің даусын таныдым. Әскери тәртіппен қолымды бас киіміме апарып: «Денсаулығыңызды тілеймін, жолдас гвардия полковниги!» дедім. Әскерилердің әскери рәсіммен амандасқанын Баукеңнің ұнататынын естігенмін. Маған бұрылып, көзін күннен көлегейлеп: «Сізге де саулығыңызды тілеймін», деп оң қолын ұсынды. Одан соң қазақы дәстүрмен ана тілімізде сәлемдесуді жалғастырдым. Сәлемімді тағы да тыңдап алып, енді маған сол қолын қоса ұсынып, жайлап өзіне тартып, жанына отыруыма ыңғай білдірді. Маған қарап алып: «Сенің атыңды ұмытыңқырап тұрмын, меніңше, сенің атың қазақтың аты емес. Басқасы есімде, сен ол кезде подполковник едің, енді қазір мені қуып жеттің». Осыны айтып күліп алды. Жанындағы әңгімелесіп отырған адамға қарап: «Жастар жақсы адымдайды. Маған академияға түсуіме, яғни тағдырыма әсер еттіңіз деген. Ал, жас полковник, енді бізге қазір соны айт!» деді бірден.

–1966 жылы академияға түсерде емтихан билетіне тактика жөнінде мынадай сұрақ келді: «Қоршаудағы ұрыс және қоршаудан шығу». Сұрақты оқып, таңданып қалдым. Өйткені біз жауынгерлік жарғының «Қорғаныс» және «Шабуыл» бөлімдерін жаттағанбыз.

– Сонда сен жауапты білмедің бе?!

Ойымды жинақтап: – Жоқ, Бауке, мен жарғыны еске түсіріп, оның үстіне, ең бастысы, 316-атқыштар дивизиясындағы арьергард батальонының ұрыс сызбасын тақтаға түсіріп, батальон командирінің ұрысты ұйымдастыруын айтып бердім. Емтихан алушылар асықпай көңіл қойып тыңдады. Емтихан билетінде бұдан басқа тағы төрт сұрақ болды. Бір сөзбен айтқанда, жарты сағат ішінде бес бестік (25 балл) жинап, академияға оқуға түстім. Менің арманым осылай жүзеге асты. Сол себепті, Бауке, сіздің көмегіңізбен мен академияға түстім, – дедім.

– Мәскеу түбіндегі батальонымның ұрыс тактикасы жөнінде қай жерден оқыдың? – деп сұрады. Атақты әскери қолбасшылардың бірнеше кітабын тізбелеп, одан соң Фрунзе атындағы академияда «Ұрыс тактикасынан мысалдар» кітабы шыққанын айттым.

– Сонда не жазылған, Бауыржан Момышұлы тек қоршаудан шығып, шегінумен болған деп пе?!

Мен бірден тездетіп: – «Жоқ, бұл кітапта ұрыс түрлеріне қарай басқа да бөлімдер бар, соның ішінде сіз басқарған полк пен дивизияның шабуылы да жазылған», деп жауап бердім.

– Сен әскери училищеден партия мектебіне бекер кеттің. Мен сияқты вечный полковник боласың, – деп сөзін бітіріп орнынан тұрды. Біз осы жерде қоштастық.

Баукеңнің «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Соғыс психологиясы» шығармалары мен басқа да жазба дүниесі келешек ұрпаққа теңдесі жоқ ұлы мұра болып қалады.

Баукең «патриот», «патриотизм» ұғымдарын түсіндіре отырып, ұлттық намыс осы түсініктердің құрамдас мазмұны бөлшегі екенін баса айтқан болатын. «Адам баласының бойына өз ұлтының салт-дәстүрі мен мәдениеті, тарихы, ата-бабаға құрметі туған жерге деген махаббатын оятып, патриоттық болмысын қалыптастырады. Ана тілінді жеткілікті білгенде ғана сен оған қол жеткізесің. Бірақ осының бәрі өзге ұлт өкілінің ұлттық намысына көлеңке түсірмеуі керек», деген болатын.

Талас жоқ дерек: Бауыржан Момышұлы – талантты әскери қолбасшы, дарынды жауынгер-жазушы, бізге әскери психология мен әскери педагогикаға, сондай-ақ тактика іліміне құнды теориялық негіздерді тарту еткен ойшыл-философ. Әскери ғылым тілімен айтқанда әскери ғылымның методологиясына өзіндік бағыт жасаған тұлға.

Жаратылысынан ғажап ақылдылығы мен ержүректілігі, қайнаған күш-қуаты, қайтпас қайрат-жігері Баукеңді көзі тірісінде аңызға айналдырды.

Өкінішке қарай, бейбіт күнде оны бағалай алмағандар да болды.

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысының 1418 күні мен түнінде ерлік жасап жүрді», деп жазды.

– Әзекең, меніңше, Баукеңнің жауынгер серіктерінің ой-пікірлерін түйіп айтты.

Бауыржан Момышұлы: «Мен – запастағы полковникпін, бірақ азамат ретінде әрқашан саптамын!» деген болатын. Запасқа мерзімінен бұрын шығарылса да, жасымады, қажымады, морт сынбады, өзіне жауыққандарға жем болмады.

Баукең адамгершілік, азаматтық және Отанды сүю сияқты асыл қасиеттерді ардақтаған тамаша кітаптар жазды. «Бұл – Бауыржанның екінші ерлігі» деді Баукеңнің майдандас досы, жазушы Дмитрий Снегин.

Мен XX ғасырдағы ұзақ та қанкешті соғыс қаһармандарынан Баукеңнің бір ерекшелігі осы десем, қателесе қоймаспын.

Баукеңнің есімі – ерліктің символы, Казақ халқының мәңгілік мақтанышы.

Ким СЕРІКБАЙҰЛЫ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
профессор,
әскери ғылымдар докторы,
Қазақстан Республикасы және
Ресей Федерациясы
Әскери ғылымдар
академиясының толық мүшесі

Зейнетақы мен жәрдемақы төлемдерінің мөлшері өзгереді

«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет» туралы ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңы жобасына сәйкес 2024 жылы 1 қаңтардан бастап айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 3692 теңге, ең төменгі зейнетақы 57853 теңге, базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 28 215 теңге, ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) 43407 теңге болып белгіленді. Жасы және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2024 жылы қаңтардан бастап алынатын мөлшерден 9 пайызға артады.

Келер жылы қаңтардан бастап жасына байланысты жаңадан тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 55 АЕК, яғни 203 060 теңгені құрайды. 2024 жылы қаңтардан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ҚР Әлеуметтік Кодексінің 205-бабына сәйкес ЕТКД-нің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді.

Мәселен, 2024 жылы қаңтардан бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 65 пайыз мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға артады. Бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 105 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі. Бұл жаңа тағайындалған зейнеткерлерге және 2024 жылы қаңтарға дейін зейнетке шыққандарға да қатысты.

Жоғарыда аталған Заңға сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты арттырылады. Ал №1, №2 тізім бойынша арнайы мемлекеттік жәрдемақының бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақысы, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері айлық есептік көрсеткіштің ұлғаюына байланысты арттырылады.

Мүгедектігіне байланысты жәрдемақыға келсек, I топ 95496, II топ 76 397, III топ 52089, 7 жасқа дейінгі мүгедек балаларға 69 886, 7 жастан бастап балалардың мүгедектік топтары белгіленген кезде бірінші топтағы мүгедек балаларға 95 496, екінші топтағы мүгедек балаларға 79 435, үшінші топтағы мүгедек балаларға 69 886 теңге болып белгіленді. Әскери қызмет атқару кезінде болған мүгедектерге I топ 139 771, II топ 119 370, III топ 100271, мүгедек баланың күтіміне 69 886 теңге төленеді.

Асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақыға келсек, бір балаға 39 935, екі балаға 73 792, үш балаға 97 666, төрт балаға 112 859, бес балаға 119 370, алты және одан жоғары балаға 130 221 теңге төленеді. Тұлдыр жетім бір балаға 66 847, екі балаға 133 694, үш балаға 200 541, төрт балаға 267 388, бес балаға 334 234, алты балаға 401081, жеті балаға 467 928, сегіз және одан жоғары балаға 534 775 теңге төленеді.

Бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақы төрт балаға дейін 140 296, төрт және одан да жоғары бала туғанда 232 596 теңге төленеді. Бір жарым жасқа дейін бала күтіміне бірінші балаға 21 266, екінші балаға 25 143, үшінші балаға 28 983, төртінші және одан да жоғары балаға 32 859 теңге төленеді.

Төрт және одан да көп кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалары бар, барлық көпбалалы отбасыларға табысына қарамастан жәрдемақы төленеді. 4 баласы бар отбасыларға 59 183, 5 баласы бар отбасыларға 73 988, 6 баласы бар отбасыларға 88 793, 7 баласы бар отбасыларға 103 598, 8 баласы бар отбасыларға 118 144, 9 баласы бар отбасыларға 132 912, 10 баласы бар отбасыларға 147 680, 11 баласы бар отбасыларға 162 448, 12 баласы бар отбасыларға 177 216 теңге төленеді.

«Алтын алқа» мен «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға 27 321, «Күміс алқамен» наградталған көпбалалы аналардың мемлекеттік жәрдемақысы 23 629 теңгеге артты.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2024 жылы қаңтардан бастап арттыру туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 19 қазандағы № 925 қаулысына сәйкес 2024 жылы қаңтардан бастап 7 пайызға артады.

Шолпан САСЫҚБАЕВА,
«Азаматтарға арналған үкімет» МК» КеАҚ
облыс бойынша филиалы
Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша
аудандық бөлім басшысы

Ертегілер әлемі

Етікші



Ерте заманда бір кедей етікші болыпты. Бала-шағасы көп екен. Үй-ішін асырау үшін ол ел аралап, қобдиын құшақтап жүріп, етік тігіпті. Күндердің күнінде қобдиын қолтықтап, таныс емес бір ауылға аттанады. Бұрын жүрмеген жолы болған соң, етікші адасып кетеді. Түн болады. Ақырында, етікші далада жалғыз тұрған иесіз үйге кездеседі. Иесіз қыстаудың ішіне кірген етікші пештің үстіне шығып, қобдиын басына төсеп жата кетеді.

Бір уақытта салдыр-гүлдір еткен бір нәрсенің даусы шығады. Етікші есікке қараса маңдайында жарқыраған жалғыз көзі бар, бір еңгезердей дәу кіріп келе жатыр екен.

– Пеш үстінде жатқан қандай адам? – деп сұрайды дәу. Етікші:

– Бұл – етікші, – деп жауап береді.

– Бізге керек шебер етікшімісің? – дейді. Сонан соң дәу бұйырып:

– Кәне, бері кел, шебер, мына үйге кір. Егер ертеңге дейін бір керемет етік тіксең, жаның аман қалады. Ал егер орындамасаң, басыңды аламын, – дейді де етікшіні ішке кіргізеді.

Дәудің өзі есіктің алдына жатып ұйқыға кіріседі. Етікші ішінен:

– Енді өмірім жойылды, өліп кетсем, бала-шағамды кім асырар екен? – деп үрейленеді.

Амалы таусылған етікші таң атқанша отырып ғажайып етік тігеді. Етіктің сыртқы көрінісінің басқа етіктерден айырмашылығы – ұшы тіп-тік сүйір, жоғары көтеріліп тұрады. Ал оның бір керемет қасиеті – аяғына киген адам аспанға қалықтап ұшып, баратын жеріне лезде жетіп барады. Бірақ ол дәудің оны оңай үйіне жібере қоймасын біліп:

– Бәрібір дәу қолынан өлемін. Одан гөрі бұл дәуді өзім өлтірейін, – деп, өткір пышағын алады.

Дәу ұйқыға кетті-ау деген кезде, етікші етігін киіп, сыртқа шығады. Қалықтап ұшқан күйі қолындағы пышағымен дәудің жалғыз көзін түйреп алады. Дәу бақырып:

– Ер болсаң, екі соқ, – дейді.

Етікші:

– Бір де жетер, – деп, дәудің үстінен ұшып өтеді. Ал дәу жарақаттан табанда өлген екен дейді.

Етікші сыртта тұрып әрі ойлап, бері ойлап, иесіз үйдің төбесіне шығып түнейді. Таң атқан соң, дәудің үйін аралап, қарап шығады. Үйдің бір қараңғы жерінде темір сандық тұр екен. Етікші темір сандықты өзер дегенде ашады. Оның іші толған алтын-күміс екен. Бұдан кейін етікші алтын мен күмісті керегінше алып, ғажайып етігін киіп, үйіне ұшып келеді.

Дәуден алған байлығының жартысын еліндегі жетім-жесірлерге таратып береді.

Осылай, етікші тұратын ауылдың тұрмыстары жақсарып, мұраттарына жетеді. Ал қартайған кезінде етікшіні балалары асырапты.

Бере білген бөле білер

Баяғыда бір жарлы болыпты, мінуге аты, ішуге асы болмапты, бала-шағасы көп болыпты. Мал дегенде маңдайына біткен жалғыз ғана қазы болыпты. «Аштық – атаң емес» деген, тесік тамақ шыдата ма, ақыр соңында сол қазды жемекші болып сойып, пісіреді. Бірақ оған салатын тұзы да, қосып жейтін наны да болмайды. Сонда жарлы тұрып әйеліне:

– Қатын, осы қазды тұзсыз, нансыз жегеннен де ханға апарып тартсам қайтеді? Сөйтіп, одан бірнеше күн тамақ қылларлық астық сұрасам қайтеді, – дейді. Қатыны:

– Мейлің, сүйтсең, сүйте ғой, – дейді. Жарлы ханға пісірген қазды алып келеді.

– Тақсыр хан, – дейді ол, – мынау сізге әкелген сыйлығым еді, аз да болса көптей көріп алыңыз, барымыз әзір, жоғымыз жай, – дейді жарлы.Хан: – Рақмет, сізге, рақмет! Ал енді, бұл қазыңды үй ішімізге бірдей етіп өзің бөліп бер! – дейді де жарлының қолына пышақ береді. Ханның ханымы, екі ұлы, екі қызы – не бәрі ханның өзімен алты жан екен. Сонда жарлы қаздың басын кесіп алып, ханның алдына қояды.

– Сіз үйдің басысыз, сондықтан сізге бас лайық, ал бас мойынсыз, хан ханымсыз болмайды, сондықтан сіздің ханымыңызға мойын – деп мойынды кесіп, ханымның алдына қояды. Екі аяғын кесіп екі баласына береді.

– Сендер атаның жолын қуып, ізін басасыңдар, сондықтан сендерге аяқ лайық, – дейді. Сонсон екі қанатын кесіп екі қызына береді.

– Сендер жат жұрттыққа жаратылғансыңдар, ертең бойжеткен соң ата-ананың қасында қалмай, құсқа ұқсап ұшып кетесіңдер, сондықтан сендерге қаздың қанатын беруге тура келеді. Ал жарлы-қонақ, кеудесі жарлыға қалмақ, – деп қаздың бар етін өзінің жанына қояды. Хан жарлының әділ бөлісіне таң қалып, қарқ-қарқ күліп, ырза болады. Өзін әбден сыйлап, тамаққа тойдырып, астық беріп үйіне қайтарады. Мұны бір мырза естіп, жарлы бір қаз апарып ханнан мұнша сыйлық алды, мен одан кеммін бе? – деп жарлының алғанына қызғаныш етеді. Сүйтеді де, ханға ол бірден бес қаз пісіріп әкеледі.

Хан: «Әкелгеніңізге рақмет, бірақ мұны алтауымызға тең қылып бөліп бер», – дейді. Мырза олай салып, былай салып көреді. Бірақ қаздарды тең бөліп бере алмайды. Сонсоң хан, баяғы жарлыны шақыртып алып: «Мына қаздарды сен бөл», – дейді. Жарлы, бір қазды алып хан мен ханымға береді де: «Сіздер үшеу болдыңыз», – дейді, енді бір қазды екі баласына беріп:

—«Сіздер де үшеу болдыңыз», – дейді. Тағы бір қазды екі қызына береді де:«Бұлар да үшеу болады, мына қалған екі қазбен мен де үшеу болдым», – дейді. Сонда хан: «Міне, әділ болсаң осындай бол! – Бізге де тегіс берді, өзін де ұмытқан жоқ», – депті. «Бере білген, бөле білер» деген мақал осыдан қалған екен. Хан жарлыға тағы да қазынасынан көп сыйлық беріп қайтарады, мырзаны қуып жібереді.

Қасқыр мен Егінші

Бір қасқыр тамақ іздеп келе жатып, құрулы тұрған қақпанға түсіп қалады. Олай жұлқынып, бұлай жұлқынып зорға құтылады. Қашып бара жатқанында оны аңшылар байқап қалып, соңынан тұра қуады. Қасқыр сасқалақтап бір егіншіге келіп жайын айтады:

– Қайтсең де мені құтқар, жақсылығыңды еш ұмытпаспын, мені қабыңа салып, жасыра тұр, – дейді.

Қасқырдың мүшкіл халін көрген егінші оны қапқа салып алып, арқалап жүре береді. Кешікпей, мылтық, қылыштарын жарқылдатып, аңшылар жетеді.

– Қашып бара жатқан қасқыр көрмедің бе? – деп сұрайды олар.

– Жаңа бір қасқыр анау шоқыдан әрі асып кетті, тезірек ұстаңдар, – дейді. Аңшылар ұзаған соң егінші қаптың аузын шешіп, қасқырға «жөніңе бар, кейін маған бір жақсылық етерсің» дейді. Қасқыр қуанып секіріп шығып, егіншіге:

– Мен сені жеймін, қарным аш, – деп тап береді. Егінші байғұс сасқалақтап:

– Әй, қасқыр, мұның қалай, мен сені өлімнен құтқардым ғой? Жақсылыққа жамандық ете ме екен? Олай болса төрелігін біреуден сұрайық, қайсымыздікі жөн екен, – дейді.

Екеуі керісіп тұрғанда бір жақтан қаңғалақтап түлкі келеді. Бұлар түлкіге оқиғаны бастан-аяқ айтып береді. Түлкі:

– Жоқ сөзді айтпаңдар, менен басқа біреу естісе күліп жүрер. Дорбаға үлкен қасқыр сыйды дегенге нанбаймын, барып тұрған өтірік, – дейді. Қасқыр мен егінші «бұл рас» деп керісіп болмайды. Түлкі қасқырға:

– Қапқа кіріп көрсетпесең, сенбеймін, – дейді. Қасқыр оны сендірмекші болып қапқа кіргенде, түлкі егіншіге:

– Байла қаптың аузын, енді қимылдайтын кезің келді. Күзде егінді қалай орып жүрсің? Кәне, көрсетші маған, – дейді. Егінші құралын алып, қасқырды ұра бастайды. Біраздан соң түлкі:

– Егінші, енді қаптың аузын аш, – дейді. Сонда қасекең атып шығып, алды-артына қарамай зыта жөнеледі. Артынан түлкі:

– Көптен бері тапқан бір әдісім еді, – деп сақ-сақ күліпті. Сөйтіп, егінші байғұс түлкінің айласымен ажалдан құтылыпты.

Бір үзім нан

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен. Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған – алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат, су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күні қарны ашқан бай кедейге:

– Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, – дейді.

– Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, – деп жауап береді кедей.

Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.

– Алтынымның жартысын берейін, – дейді ол бұл жолы.

– Жоқ, бере алмаймын, – деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры, аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі.

Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні осыған орай айтылған екен.

Ақылды егінші

Патша нөкерлерімен бірге серуенге шыққанда жер өңдеп жүрген егіншіні кездестіреді. Тырбанып, еңбектеніп жатқан қарапайым адам патшаның көңілінен шығып, онымен сөйлесуге ықыласы ауады. Бірнеше сауалдан кейін патша егістіктің бұл адамдікі емес екенін, күніне 15 лира үшін жалданып еңбек ететінін ұғады. Патша жалақысының аздығына қайран қалады. Себебі, патша сарайының бір күндік шығыны жүздеген алтынға шығатын еді. Шаруа патшаның таң қалғанына қарап:

– Бұл ақша қанағатшыл адамға тіпті көп те болады. Мен ақшамды үшке бөлемін. Бір бөлігімен өмір сүремін. Бір бөлігімен қарызымды өтеймін. Бір бөлігін біріктіріп, қор жинаймын, – дейді. Патша бұл жұмбаққа ұқсаған сөздерден еш нәрсе түсінбейді. Аққөңіл диқан күлімсіреп: Ақшаның бір бөлігімен қарызымды қайтарамын дегенімде мынаны айтпақшы болдым. Бала кезімде үлкен қамқорлық көрсеткен әкем мен шешем ғой. Ақшамның бір бөлігін соларға беремін. Ақшамды қор ретінде жинаймын дегенім, бұл ақшамның бір бөлігін балаларымның біліміне төлеймін. Менің қолым, аяғым жұмыстан қалған жағдайда, олар маған көмектеседі деп үміттенемін. Қалған ақшамды өзімнің мұқтаждарыма жұмсаймын, – дейді.

Патша қарапайым адамның бұл әрекетіне риза болады. Намысты шаруаның балаларының біліміне төлейтін ақшаны өз мойнына алды. Балалары да ер жеткен соң ата-анасына, халқына да қолдарынан келген көмектерін аямай көрсетіпті деседі.

Ертегілер «Балалар әлемі» журналының ресми сайтынан алынды

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 2041

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ